

"АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы"

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 шілдедегі № 279 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 тамызда № 15537 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 9 қазандары № 311 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.10.2020 № 311 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекітілсін.

2. "АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 9-1/986 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12431 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Минistrінің орынбасары -

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ақпарат және коммуникация министрі

Д. Абаев

2017 жылғы "\_\_\_"

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Т. Сұлейменов

2017 жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасы

Премьер-Минistrінің орынбасары –

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлінің

2017 жылғы 1 шілдедегі

№ 279 бұйрығымен

бекітілген

**"Агроенеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Минistrінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлінің 28.12.2018 № 547 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Агроенеркәсптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шенберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - 7 (жеті) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.

Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦК) қойылған электрондық күжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама жолданады. Хабарлама көрсетілетін қызметті алушы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтаның мекенжайына, сондай-ақ субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.

8. Мыналардың:

1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне ұсынады.

Өтінімнің қабылданғанын субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе растайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13876 болып тіркелген) бекітілген АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

**3-тaraу. Орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы беріледі.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Арызга көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қабылдағанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мертаңба, кіріс нөмірі мен күні) растайды.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қабылдаған адам оның шағымын қабылдағанын растау үшін талон береді, онда талонның нөмірі, күні, шағымды қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымды қарау барысы туралы ақпаратты алуға болатын адамның байланыс деректері көрсетіледі.

Портал арқылы электрондық арыз жолдаған кезде, көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің арызды өндеуі (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Занының 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Көрсетілетін қызметті берушілердің мекенжайлары:

- 1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;
- 2) Министрліктің [www.moa.kz](http://www.moa.kz) интернет-ресурсындағы "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетеу тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметті көрсетеу мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда, [www.moa.kz](http://www.moa.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметті көрсетеу мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"АгроОнеркәсіптік кешен  
субъектілерін қаржылық  
сауықтыру жөніндегі бағыт  
шенберінде кредиттік және  
лизингтік міндеттемелер  
бойынша пайыздық  
мөлшерлемені субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 1-косымша

Нысан

#### **Хабарлама**

Күрметті \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша  
мемлекеттік қызметті көрсетуден \_\_\_\_\_

себепті бас тартылды.

"АгроОнеркәсіптік кешен субъектілерін  
қаржылық  
сауықтыру жөніндегі бағыт  
шенберінде кредиттік және  
лизингтік міндеттемелер  
бойынша пайыздық

мөлшерлемені субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 2-қосымша  
Нысан

## Хабарлама

Күрметті \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" №\_\_\_\_\_ өтініміңіз бойынша  
мемлекеттік қызмет көрсетілді және Сіздің №\_\_\_\_\_ есептік шотыңызға  
20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ төлем тапсырмасымен \_\_\_\_\_ теңге  
мөлшерінде субсидия сомасы аударылғанын хабарлаймыз.

"АгроОнеркәсптік кешен субъектілерін  
қаржылық  
сауыктыру жөніндегі бағыт  
шенберінде кредиттік және  
лизингтік міндеттемелер бойынша  
пайыздық  
мөлшерлемені субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 3-қосымша  
Нысан

## Субсидиялауга арналған өтінім

20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Осылмен, қаржы институты/қаржы агенті

бағдарламасы

шенберінде \_\_\_\_\_ облысының (республикалық маңызы  
бар қалалардың,

астананың) ауыл шаруашылығы басқармасынан 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№\_\_\_\_\_

субсидиялау шартына сәйкес \_\_\_\_\_ кезең үшін республикалық  
бюджеттен қаржы

институтының/қаржы агентінің №\_\_\_\_\_ шотына \_\_\_\_\_ теңге  
сомасында

каражат аударуды сұрайды.

Өтінім беруші 20\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қол қойып,  
жіберді:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦК қою күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Басқарма 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК қою күні мен уақыты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК